

Су шаруашылығы құрылыстарын қорғау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан Облысы Шымкент қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 7 маусымдағы N 1195 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан Облысы Шымкент қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 29 маусымда N 14-1-55 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 5 қазандағы N 1444 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының әкімдігінің 2009.10.05 N 1444 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару туралы" Заңының 31 бабының негізінде, су шаруашылығы құрылыстарына ақаба суларының зиянды әсерінен қорғау мақсатында қала әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Тұтынушылармен қалалық канализацияға төгілетін ақаба сулар: канализация желілері мен имараттар жұмысын, олардың пайдалану қауіпсіздігін бұзбайтын;

құбырларды, құдықтарды, торларды бітейтін немесе құбырлардың, құдықтардың, торлардың қабырғаларына жабысатын заттар бар (окалин, әк, құм, металл ағымдары және т.б.);

канализация жүйелері имараттарының элементтері мен құбырлардың материалдарын бұзып әрекет көрсететін заттар бар;

ақаба суларды биологиялық тазартудан өткізуге кедергі келтіретін концентрацияларда зиянды заттары бар;

қауіпті бактериалдық ластаушылар болмайтындай;

ерімейтін майлар, қара майлар және мазуттары болмайтындай;

биологиялық "қатты" үстіртін-активті заттар (УАЗ);

Қаулымен белгіленген мүмкіндік нормативтерінен асатын, концентрацияларда өлшеулі және қалқып шығатын заттар бар;

тек қана минералдық заттар болмайтындай;

канализация жүйелері мен имараттарында уландырғыш газдар құрауға бейім қышқылдар, жанармай қоспалары, уландырғыш және ерітілген газ тәрізді заттар бар (күкіртсутек, күкірт көмір қышқыл тотығы, жеңіл ұшатын ароматикалық көмір қышқылдар жұбы және басқа да жарылғыш қауіпті және уландырғыш қоспалар);

канализация жүйесіне ақаба сулармен жіберуге нормативтері белгіленбеген

2. Қала канализация жүйесіне төмендегілерді төгуге тыйым салынады: құрамы мен шығыны Қаулымен белгіленген, рұқсат етілетін ластаушы заттар санын асыруға әкелуі мүмкін ақаба сулар; мүмкіндік концентрациясының белгіленген мәнінен он және одан да артық заттарды нормаға келтіретін концентрациямен ақаба сулар (ластандырушы заттарды жаппай жіберу);

40, 6,5 төмен және 9,0 бірліктен жоғары сутетік көрсеткішпен (pH), 40 С0-тан жоғары температурамен ақаба суларды; концентрацияланған туынды және текшеленген ерітінділер; топырақ, құрылыс және тұрмыстық қалдықтар; радиоактивтік заттар және оларды ірітетін өнімдер.

3. Сонымен қатар Қызмет көрсетуші келісімінсіз қала канализация жүйесіне: кәріздік сулар; технологиялық циклде ластанбаған шартты-таза ақаба сулар; кәсіпорын аумағының үстіртін аумағы (жаңбыр, жібеген суару-жуу сулары және тағы басқалар); арнаулы машиналардың ақаба сулары төгуге тыйым салынады.

4. Қолданыстағы радиоактивтік қауіпсіздік нормасына сәйкес радионуклидтері бар, ақаба суларды жою және зиянсыздандырылуы жүзеге асырылу керек.

5. Канализация жүйесіне нормаланбаған ластандырушы заттарды төгу (ақаба суларды төгуге рұқсатта көрсетілмеген) балықшаруашылық су қоймасы тағайындауларындағы шекті мүмкіндік концентрациясы (ШМК) нормасы бойынша белгіленеді.

6. Егер Тұтынушының ақаба суларында нормаланбаған заттар болатын болса, онда ондай ақаба суларды канализация жүйесіне төгу үшін Қызмет көрсетушіге нормативтер есебіне және осы заттарды ақаба сулармен төгуге алу үшін тапсырыс әкелуі тиіс.

7. Балық шаруашылығы су пайдалану су нысандарының суында ШМК белгіленбеген нормативімен ластандырушы заттар үшін аталған затты канализация жүйесіне төгу нормативі жіберілген бақылау әдісінің сезгіштігінің шегіне тең қабылданады.

8. Егер ақаба сулардың физикалық-химиялық құрамы Қаулы талаптарымен қанағаттандырылмаса, онда ақаба сулар алдын ала тазартылуы немесе қайта өңделуі керек. Алдын ала тазартудың дәрежесі және локалдық тазарту имараттарының жобасы Қызмет көрсетушімен бірге келісілуі қажет.

9. Тәулік бойында ақаба сулардың құрамының айтарлықтай ауытқыған жағдайларда ақаба судың біркелкі шығуын қамтамасыз ететін орталаушы-сыйымдылығын қарастыру қажет. Биологиялық тазалау процесі

бұзылған кезде қышқыл және сілтілі ақаба суларды канализация жүйесіне жіберуде немесе бейтараптандыру, немесе орталау керек.

10. Қала канализация жүйесіне ақаба суларды жинау, баланстық шектеу желілерінің актісіне сәйкес, қалалық канализация жүйесіне ақаба суларды шығаруда орналасқан бақылашы құдықтың міндетті құрылғыларымен өздігінен шығу арқылы жүзеге асырылуы керек.

11. Қала канализация жүйесінде ақаба суларды біріктіруге жол берілмейді, олардың өзара әрекеттесуі эмульсиялардың, улы немесе қауіпті жарылғыш газдардың қалыптасуына, сонымен бірге ерімейтін заттардың жоғары көлеміне әкеп соқтыруы мүмкін, мысалы, кальций немесе магний тұзы, сілтілі ерітінділерін, сода және қышқыл сулар, су мен натрий сульфиді бар, хлор мен фенол сілтісінің артық көлемі бар сулар және т.б.

12. Тұтынушымен сарқындарды төгу Қызмет көрсетушімен жасалған, сумен қамту және/немесе ақаба суларды шығару бойынша қызмет көрсетуге келісім және төгуге рұқсаты болған кезде ғана жүргізіледі.

13. Тұтынушыларға қала канализация жүйесіне төгуге рұқсат осы имараттарды пайдаланушы Қызмет көрсетушімен беріледі.

14. Жаңадан тұрғызылған немесе қайта конструкцияланған кәсіпорындарға қала канализация жүйесіне ақаба суларды төгуге рұқсат қабылдау актісін көрсету бойынша нысанды толығымен пайдаланудағы мемлекеттік қабылдануынан кейін және қолданыстағы қала тазарту имараттары қуаттылығы болған кезде ғана б е р і л е д і .

Жаңа кәсіпорындардағы ақаба суларды қабылдау шарттары бойынша оларды жергілікті тазалау талап етілетін болса, онда Қызмет көрсетуші бұл кәсіпорындарды олардағы ақаба сулар тазалау қала тазарту имараттарына қабылдауға мүмкін болатындай деңгейді қамтамасыз ететін, жергілікті тазарту имараттары орнатылғаннан кейін ғана қала канализация жүйесіне қосылуға р ұ қ с а т б е р е д і .

15. Тұтынушыға қала канализация жүйесіне ақаба суларды төгуге рұқсат алу үшін Қызмет көрсетушіге:

ақаба суларды төгуге рұқсатқа талапты;
қала канализация жүйесіне Тұтынушының қосылуына техникалық шартты;
бақылау құдықтары мен олардың жергілікті байланулары көрсетілген, канализация жүйесіне шығулары келтірілген Тұтынушының ішкі алаңдық канализациясының орындаушы сұлбасының көшірмесін;
жергілікті тазарту имараттары сұлбасын (егер ондай болған жағдайда);
анализдер қорытындылары мен ақаба сулар құрамын әкелуі керек.

16. Қызмет көрсетуші қалалық канализация жүйесіне ақаба суларды төгуге рұқсатты дайындау кезінде, ақаба суларды алдын-ала тазалау немесе олардың

Тұтынушының жергілікті тазарту имараттарындағы бөліктерін есепке ала отырып, Тұтынушымен Жасалған, негіздеуші материалдарды қарайды:

ақаба сулар шығынын және олардың құрамындағы ластаушы заттардың концентрациясын азайтуға мүмкіндік беретін, технологиялық процестердегі өзгерістерді;

айналым және суды қайталай-жүйелілікпен пайдалану жүйесінің құрылымын.

17. Тұтынушыдан ақаба суларды шығаруға қажетті құжаттарды алғаннан кейін Қызмет көрсетуші 10 (он) күн ағымында берілген материалдарды қарайды және ақаба суларды төгуге рұқсат береді.

18. Тұтынушыға қалалық канализация жүйесіне ақаба суларды төгуге рұқсат Тұтынушымен Қаулы талаптарын орындау үшін жеткілікті мерзімге, бірақ үш жылдан аспайтын уақытқа беріледі.

19. Тұтынушымен техникалық шаралар орындау кезінде, Қызмет көрсетуші ластаушы заттар төгулерінің жоғарлатылған нормативтерін, егер өткен жылға немесе болып отырған уақыт мерзімінде ластаушы концентрациясы белгілері ортадан жоғары болған жағдайда белгілей алады.

20. Тұтынушымен шығарылатын ақаба сулардың көлемі ұлғайған немесе азайған, ондағы техникалық шарттарда шарттасқаннан тыс ластаушы заттардың концентрациясы мен саны ұлғайғанда, жаңа канализациялық желілер мен имараттар енгізілгенде немесе қайта конструкцияланған, сонымен қатар канализациялық сарқындарды төгуге Субтұтынушылар қосылған жағдайларға тек қана Қызмет көрсетуші рұқсатын алғаннан кейін ғана жол беріледі.

21. Ақаба суларды төгуге рұқсат қала су шығару жүйесінде өзгерістер болғанда немесе қаулы талаптары сақталмағанда күші жойылады.

22. Тұтынушы канализацияның ведомствалық желілері мен имараттарын ұстауға, қала канализация жүйесіне төгілетін ақаба сулардың сандық және сапалық құрамына үнемі бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

23. Бақылау ақаба суларды тазалау бойынша жергілікті тазарту имараттары арқылы өткенге дейін және кейінгі, егер олар болмаған жағдайда қала канализация шығарылымдары мен канализация желілерінің неғұрлым жауапты нүктелерінде, сонымен қатар әрбір шығарылым бойынша жекелей бақылау құдықтарына төгілген ақаба сулардың санын анықтаумен ақаба сулар құрамының химиялық анализін жүргізу жолымен жүзеге асырады.

24. Қызмет көрсетуші аталған Қаулы талаптарына, сонымен қатар қалалық канализация жүйесіне ақаба суларды төгуге берілген рұқсатқа ақаба сулардың сапалық құрамының сәйкес болуына бақылауды жүзеге асырады.

25. Қала канализация жүйесіне ақаба суларды төгуді жүзеге асыратын, Тұтынушы, Қызмет көрсетуші тарапынан ақаба суларды төгуге бақылауды

тәуліктің кез-келген уақытында жүргізуге мүмкіндікті, оның ішінде ақаба сулардың көлемі, сапалық құрамы туралы қажетті деректер мен әрбір шығарылым бойынша оларды төгудің режимін, сонымен қатар пайдаланушы персоналдардың құжаттарын, аспаптарын, қондырғыларын және т.б. беруді қамтамасыз етуі керек.

26. Көрсетілген бақылау Қызмет көрсетуші жанындағы ақаба суларды технологиялық бақылау тобымен жүзеге асырылады.

27. Тұтынушы ақаба суларды тазалау сапасының төмендеуі, жаппай төгулердегі, апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізудегі барлық өзгерістер туралы Қызмет көрсетушіні, мемсанэпидқадағалау басқармасын және су қорғау мен реттеу бойынша жергілікті органдарға шұғыл түрде хабарлауы тиіс.

28. Ақаба суларды төгумен болған, қала тазарту имараттарының жұмысы үшін жол берілмейтін болып табылатын, қалалық ақаба сулар құрамында ластандырушы заттар концентрациясы табылғанда, Қызмет көрсетуші қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасына хабарлайды.

Қызмет көрсетуші осымен қатар - Қаулы талаптарын бұзушыны іздеуді жүргізеді.

29. Тұтынушы Қаулымен белгіленген, талаптардың бұзылудың алдын алатын, барлық шараларды қамтамасыз етеді. Қаулы бұзылғаны анықталған кезде Тұтынушы қала канализация жүйесіне ластанған ақаба суларды төгуді тез арада тоқтатады.

30. Қызмет көрсетуші қала канализация жүйесіне ақаба суларды төгу бойынша белгіленген Қаулы талаптарын бұзған кезде сәйкес Тұтынушыларға келтірілген шығынды есептеумен канализация желілерінен Тұтынушының канализациялық желісін өшіріп тастауға құқылы.

31. Қызмет көрсетуші Тұтынушыға қала канализация жүйесіне келтірілген, шығынды қалпына келтіру туралы белгіленген тәртіппен наразылықтар мен талаптар көрсетуге.

32. Аталған Қаулы талаптары Тұтынушымен бұзылған кезде Қызмет көрсетушінің уәкілетті органы белгіленген үлгі бойынша сәйкес хаттамаларды жасайды.

33. Төгілетін ақаба суларда ластаушы заттар концентрациясының мүмкіндігі асып кететін, ластаушы заттар болған жағдайда, Қызмет көрсетуші Тұтынушыдан ҚР ҚБҚ 1.04-11-2002 елді мекендердің канализация жүйесіне ағын суларды қабылдау ережелерімен белгіленген нормативтер шегінен асып кеткен, ластануларды өңдеу үшін қосымша төлем алады.

34. Ластанудың сандық параметрлері бекітілген әдіс бойынша Қызмет көрсетушінің бақылау-сынау орталығы зертханасымен анықталады.

35. Қосымша төлем мөлшері табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органның формуласымен анықталады.

36. Қосымша төлем өндіру үшін негіз болып табылатындар:

қосымша төлем есебі;

ақаба сулар сынамасын алу актісі;

ластаушы заттар концентрациясының мөлшері Қызмет көрсетушімен белгіленген ақаба сулар анализінің қорытындылары хаттамасы.

37. Әрбір шығарылым бойынша қосымша төлем есебі Қызмет көрсетушімен жекелей жүргізіледі. Тұтынушымен әрбір шығарылым бойынша шығындар әкелінбеген жағдайда қосымша төлем Тұтынушы сарқындарының жалпы көлеміне ең жоғарғы ластану бойынша есептеледі.

38. Қосымша төлем белгіленген нормативтерден тыс ластанулар төгу анықталғаннан сәттен бастап осы ластанулар төгулерін жойған күнге дейінгі мерзімге есептеледі. Канализация жүйесіне ластаушы заттарды жоюға уақыт Тұтынушының ақаба суларын қайталай бақылау (сынама алу) кезінде Қызмет көрсетушімен айтылады.

39. Тұтынушы Қызмет көрсетушіні аталған бұзушылықтың жойылғаны туралы хабарламаса немесе Қызмет көрсетушінің қайталай тексеруі (сынама алу) Тұтынушының белгіленген нормативтерден ластанулар төгуін жоймағанын дәлелдейтін болса, онда Қызмет көрсетуші канализация жүйесіне ластанған ақаба сулардың түсуі жалғасуда деп санауға құқылы. Ақаба сулардың сапалық құрамын Қызмет көрсетушімен қайталай тексеру Тұтынушы есебінен жүргізіледі.

40. Тұтынушымен ақаба суларды канализация жүйесіне төгу кезінде Қаулымен белгіленген нормадан сутетік көрсеткіш әрбір 0,5 бірлікке ауытқумен, Тұтынушыдан төгілген сарқындардың әрбір текше метріне қолданыстағы тарифтен 2-еселенген мөлшерде қосымша төлем алынады.

41. Қызмет көрсетуші Тұтынушыға келгеннен кейін, ол бір сағат ішінде қызмет көрсетуші өкіліне өз өкілінің қатысуымен бақылау құдығынан ақаба сулардан сынама алу жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етпеген жағдайда, онда сынама алу Қызмет көрсетушімен бір жақты тәртіппен жүргізіледі және осы кездегі сынама алу жасалған акті дұрыс ресімделген деп саналады.

42. Қызмет көрсетушіге бақылау құдығынан сынама алу жүргізуге мүмкіндік қамтамасыз етілмеген жағдайда, қала канализация жүйесіне келіп түсетін, ақаба сулардың соңғы тексеруі кезінде белгіленген, ластаушы заттар концентрациясының көлемі ұлғайтылып қолданылады.

43. Егер Тұтынушы Қызмет көрсетушіні канализация жүйесіне ақаба сулармен ластаушы заттардың жалпылай төгілгені туралы хабарламаса, онда есеп Қызмет көрсетушінің соңғы тексеру сәтінен (сынама алу) бастаған мерзімде

Тұтынушыдан Қызмет көрсетуші қабылдаған ақаба судың барлық көлеміне жүргізіледі.

44. Қызмет көрсетушіге су қорғау және реттеу бойынша жергілікті органдар жағынан талап қойылған кезде, Қызмет көрсетуші су нысанын ластауға әкелген, құрамдағы ақаба суды төгуге жол берген, нақты бір Тұтынушыға регрессивтік талапты қоюға құқылы.

45. Канализация жүйесіне ақаба сулармен ластаушы заттарды жалпылай төгу кезіндегі қосымша төлем қоршаған ортаға келтірілген шығынды қалпына келтірудегі Тұтынушы жауапкерлігін алмайды.

46. Аталған Қаулымен тиым салынған, ластаушы заттарды канализация жүйесіне Тұтынушымен төгу бірнеше рет қайталану кезінде, Қызмет көрсетуші осындай Тұтынушыларды қала канализация жүйесіне ақаба суларды төгуге жібермеуге құқылы.

47. Қызмет көрсетуші:

- 1) қала канализация жүйесінің техникалық жағдайы; тазарту имараттарының тиімді жұмысы; аталған қаулының сақталуы;

Қаулыны бұзушыларға уақытында шара қабылдау үшін жауапкершілік алады.

2) Қаулы бұзушылар туралы ақпараттарды жергілікті басқару мен қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық басқармасына береді.

48. Өндірістік ақаба сулар сапасын технологиялық бақылау тобы (бұдан әрі - Топ) Қызмет көрсетушінің бақылау-сынау орталығы құрамында ұйымдастырылады және орталық бастығына бағынышты болады. Топ өз жұмысында Қаулыны және қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамалықтарын басшылыққа алады.

49. Топтың негізгі тапсырмасы болып Қаулыны әзірлеу, қала канализация жүйесіне ақаба суларды төгуге Тұтынушыларға рұқсат беру, қала канализация жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қаулының сақталуына қажетті бақылау, Тұтынушы балансында тұрған, канализациялық желілер мен жергілікті тазарту имараттары жағдайына бақылау болып табылады.

50. Топтың кадрлық құрамы ақаба суларды тазалау мен оның анализі аумағындағы мамандардан тұрады.

51. Топтың сандық құрамы қала канализация жүйесіне ақаба сулар жіберетін Тұтынушылар санына және олардың су шығару қуаттылығына байланысты белгіленеді. Инженер - технолог шамамен тәулігіне 30 мың текше метр ақаба судың төгілуіне бақылау жасайды.

52. Ақаба сулардың сапалық құрамы үшін техникалық-ұйымдастыру сұрақтары Топ мамандары мен Қызмет көрсетуші зертханасымен бірлесе отырып

ш е ш і л е д і .

53. Тұтынушы ақаба суларын химиялық бақылауды жүзеге асыру үшін Қызмет көрсетушімен зертханалық жай, жабдықтар, аспаптар, реактивтер, химиялық ыдыстар бөлінуі тиіс. Сынаманы жеткізу көлікпен жүзеге асырылады.

54. Жекелеген заттардың химиялық анализ әдісі, анықтаудың нақтылығына, анализдің ұзақтығына, оның қиындылығына, қолданылатын реактивтердің бағасы мен тапшылығына, аспаптардың, реактивтердің және жабдықтардың бар екендіктерін қойылатын талаптарды есепке ала отырып таңдалады.

55. Анализдің жаңа түрін енгізу сәйкес әдістер мен аспаптарды меңгеру бойынша жол салушы жұмыстармен болу керек. Сыналған әдісті мақсатты пайдалану анықталғаннан кейін белгіленген тәртіппен қажетті қосымша аспаптарға тапсырыс беріледі.

56. Химиялық бақылаудың негізгі міндеттері болып табылатындар: Тұтынушының ақаба суларына химиялық бақылауды жүзеге асыру, ақаба сулар анализінің қорытындыларын ресімдеу, тиісті есеп берулерді жасау.

57. Топ мамандары Тұтынушының канализация желісіндегі бақылау нүктелерінен ақаба сулардың сынамасын алуды екі данада сынама алу актісін толтырумен жүргізеді, оның біреуі Тұтынушыға беріледі. Бір актімен бірнеше шығарылымдар сынамасын алуды ресімдеуге рұқсат етіледі.

Анализге алынатын ақаба сулар көлемі, нақтылай ингредиентті анықтауда пайдаланылатын әдіске байланысты белгіленеді. Тұтынушының ақаба суларынан сынама алу кезінде сынама алу туралы актісі жасалып, онда сынаманың алынған уақыты, орны, мақсаты, сынама сипаты көрсетіледі. Актіге Тұтынушы өкілі және сынама алған Топ маманы қол қояды.

58. Алынған ақаба су сынамалары сынама алу актісінде Топ мамандарымен көрсетілген компоненттер тізімі бойынша ақаба сулар сапасы құрамының химиялық анализін жүргізу үшін Қызмет көрсетуші зертханасына жеткізіледі.

59. Қызмет көрсетуші зертханасына келіп түскен сынамалар жұмыс журналына тіркеліп, онда Тұтынушының атауы, бақыланатын ингредиенттің сиымдылық нөмірі, анализ қорытындысы, орындалған күні, орындаушының а т ы - ж ө н і к ө р с е т і л е д і .

60. Ақаба сулар сынамасының анализі Қызмет көрсетушінің зертханасының белгіленген тәртібімен аккредиттік аттестацияланған әдіс бойынша орындалады.

61. Канализация жүйесіне төгілетін, Тұтынушы ақаба суларының белгіленген нормативтерге сәйкестігіне анализ жүргізуге олардан сынама алуда, Қызмет көрсетуші анализ жүргізу барысын Тұтынушы өкілінің бақылауына мүмкіндікті қ а м т а м а с ы з е т е д і .

62. Анализ барысы жұмыс журналында тіркеледі, онда орындалу күні, келесі есептеу қорытындысы үшін қажетті барлық сандық белгілер мен анализ

процесінің негізгі көрсеткіштері белгіленеді.

63. Зертханада орындалатын аналитикалық бақылау көлемі, бақылауға жататын Тұтынушылар санына, сонымен қатар жұмысшылардың нақтылай санын, орындалатын анықтаулардың күрделілігі мен ұзақтығын ескере отырып, Топ басшысымен апта сайын белгіленеді.

64. Анализ нәтижесі Тұтынушының атауы, сынама алынған уақыт, сынаманың кіммен алынғаны және оған кімдер қатысқаны көрсетілген белгіленген үлгі бланкісінде ресімделеді. Бланктерге зертхана бастығымен, орындаушымен қол қойылады және Топқа беріледі.

65. Тұтынушы мен Қызмет көрсетуші тәуелсіз сараптамаға алынған сынаманы бірдей уақытта жіберуге құқылы, бұған бекітілген тәртіппен акт ж а с а л а д ы .

66. Канализация жүйесіне төгілетін, ақаба сулар сынамасын алу, тасымалдау, анализ үшін сынама дайындау, сынамаға анализ жүргізу қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамалықтарымен бекітілген стандарттарға, нұсқаулықтарға және әдістерге сәйкес жүзеге асырылады.

67. Егер Тұтынушы қала канализация жүйесіне төгілетін ақаба суларында өзгерістер болатындай басқа өндіріс технологиясына көшетін болса, онда ол алдын-ала Қызмет көрсетушіге осы өзгерістер ағымы болуы мүмкін мерзімі көрсетілген ақаба сулар құрамының жоспарланған өзгерісі туралы хабарлауы тиіс. Қызмет көрсетуші осы ақпаратты алғаннан кейін Тұтынушымен бірлесе отырып, ақаба сулардың сандық және сапалық құрамы сұрақтары бойынша технологиялық процесстерді тексереді. Тексеру қорытындысында анықталған ақаба сулардағы ластаушы заттар Қаулымен белгіленген тәртіппен Қызмет көрсетушімен нормаланады және Тұтынушыға жеткізіледі.

68. Анализ жүргізуге анализді орындаудағы әдістемемен қарастырылған уақыт беріледі. Кесте бойынша анализ жүргізу Қызмет көрсетуші есебінен, ал Тұтынушы тапсырысы бойынша - Тұтынушы есебінен жүзеге асырылады.

69. Жіберілетін концентрациядан тыс ластаушы заттар анықталған жағдайда Тұтынушы қала канализация жүйесіне ақаба суларды төгуді тоқтатуға және белгіленген шекке дейін ластауды азайту бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

Ластаушы заттар құрамын асыруды шақыратын, себептер шеттетілгеннен кейін, Тұтынушы қайталай сынама алуға тапсырыс береді.

70. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК